



Майра Шуршитбайдың «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)» тақырыбындағы диссертацияның жұмысына

ПІКІР

М. Шуршитбайдың қорғауға ұсынылып отырған «Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)» атты диссертациялық жұмысы қазақ қоғамы үшін қазақстандық гуманитарлық ғылым үшін өте маңызды. Тақырыптың өзектілігінің басты негіздерінің бірі қазіргі үрпақтың санасында туған елге, оның тарихына, мәдениетіне деген сезімді қалыптастырумен байланысты. Диссертациялық жұмыстың негізінде тәрбие үлттық, ал білім мен ғылым әлемдік болу керек екендігі туралы идея бар.

Әрбір мемлекет өз азаматтарын тәрбелеге аса маңызды мән беруі керек. Адамзат тарихында жас үрпаққа тәрбие берудің бірнеше үлгілері болған: Ежелгі Қытайда, Ежелгі Үндістанда, антикалық мемлекеттерде, түркілік халықтарда адам жетілуінің ерекше идеалдары тұжырымдалып, белгілі бір үлгілері жасалғаны тарихтан белгілі. Қазақ халқының да адамгершілікке тәрбиелеу бойынша өзінің баға жетпес идеялары бар екенін диссертациядан көреміз.

Заманауи антропологиялық шындық бойынша, адам, оның өмірінің мақсаты, мәні, өмірдегі қызметі, құндылықтары өзгеріске ұшырағаны бүгінгі таңда анық. Жаһандану, ақпараттандыру, виртуализация үрдістерімен байланысты антропологиялық шындықтың өзгеруі тәрбие үрдістерінің мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Мұндай талдаудың қазақ мәдениеті үшін айрықша өзектілігі бар, өйткені қысқа мерзім ішінде Қазақстандық қоғам дүниетанымдық және әдіснамалық вакуумды тұдырған бірнеше құндылық төңкерістерін бастан өткерді.

Қазақстанда білім беруді реформалау үрдісі тек жеке тұлғаны ғана емес, бүкіл мәдениет университетінің қайта қарауды үлттық тәрбиені жаңғырту болып табылатын үлттық идеяға сүйенетін кезде ғана табысты болады. Тәрбие құбылысының күрделілігі адамның әлеуметтік және мәдени өмірінің күрделілігін көрсетеді.

Kadir Ann

Prof.Dr. A.Kadir ÇÜÇEN
Uludağ Üniversitesi
Fen-Edebiyat Fakültesi
Felsefe Bölümü

Ізгіліктік-этикалық тәрбие - адамның қоғамдағы өмірінің негізгі шарты. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістердің барлығына адам жауапты. Адам қоршаған ортадағы өзгерістерді мәдениеттегі принциптерге сай жүргізуі керек. Диссертант ғылыми ізденіс барысында қазақ халқының дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие негіздерінің қалыптасуын зерделеп, мүмкіндігінше философиялық тұжырымдама жасауға тырысқан. Ұлттық ділдің ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ізгіліктілік тәрбиесінің ғылыми мәнін ашып көрсете білген.

Диссертацияда сипатталған ізгіліктік-этикалық тәрбие үрдісін философиялық талдау ретінде қарастырудың жаңа тетіктерін қолданысқа енгізу жөнінде ұсыныстар тек мәтін түрінде ғана емес сонымен қатар, жалпы философиялық ауқымды талдау ретінде зерттеп тәрбиенің негізгі объектісі ізгіліктілікті құндылықтар котегориясынан, оның ішінде қазақ халқына тән қасиеттер: адамгершілік, мейірімділік, бауырмалдық, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды рухани құндылықтарға лайықты назар аударуға оң серпіліс береді.

Қорыта айтқанда, диссертация тақырыбының өзектілігін, жұмыстың ғылыми жаңалығын және теориялық құндылығын ескере отырып, Майра Шуршитбайдың «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)» атты диссертациялық жұмысын ғылыми мәселелерді теориялық түрғыдан қамтамасыз ете алатын, толық аяқталған, жоғары деңгейде жазылған зерттеу деп бағалаймын.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:
ф.ғ.д., профессор Улудаг университеті,
Өнер және ғылым факультеті,
философия бөлімінің меңгерушісі

Prof.Dr. A.Kadir ÇÜÇEN
Uludağ Üniversitesi
Fen-Edebiyat Fakültesi
Felsefe Bölümü
Kadir Ünen
Prof. Dr. A. kadir ÇÜÇEN

Бурса қаласы Улыдағ университеті,
 Өнер және ғылым факультеті,
 Философия кафедрасы

Бурса Улыдағ университеті, Өнер және ғылым факультеті, философия кафедрасы, Гөруклө 16059, Нюдифер / Букра: Телефоны: +90 (224) 294 18 26; мейл адреси: kadir@uludag.edu.tr веб парагасы:
<http://www.uludag.edu.tr/philosophy> ф.ғ.д., профессор Абдул Кадер Чучен (Бурса қаласы, Турция).

Мәрі

Профессор, доктор А.Кадер Чучен
 Улыдағ университеті
 Өнер және ғылым факультеті,
 философия кафедрасы

Қолы

Профессор, доктор А.Кадер Чучен

мұшынан *Арай шеір ашылауда* *лең*

01 октября 2023 года. Я, Смаилова Индира Еркингожаевна, нотариус нотариального округа Восточно-Казахстанской области РК, лицензия № 14014877 выдана Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи МЮ РК от 06 октября 2014 года, свидетельствую подлинность подписи переводчика Мукажановой Арай Мейрамбаевны, которая сделана в моем присутствии. Личность, переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 3339

Взыскано: 1829 тенге

Нотариус Смаилова Индира Еркингожаевна



ES7606125231001152751C63080B

Нотариаттық іс-арекеттің бірегей номірі / Уникальный номер нотариального действия